

# ПАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ, I

Панорама: әлем тарихы





**Мақсаты:** Әлем тарихындағы адамдардың қалыптасып, өмір сүруіндегі Жер планетасының маңызын негіздеу арқылы құрлықтағы елдердің барлық даму жолдарын тұтастай және кешенді қарастыру.

**Кілт сөздер:** Afroeurasia, биосфера, Үлкен құрғақ аймақ, Еуразия, ендік, бойлық, Мезоамерика, муссондық желдер, Океания (сондай-ақ, аралдық Пацифи), Океания (сондай-ақ аралдық Пацифи), тектоникалық плиталар.

Бұл дәрісте Сіздердің назарларыңызға ағылшын тілінде жазылған, Кэмбридж және Корниил университеттерінің оқу бағдарламасында ерекше орны бар «Панорама: Дүниежүзі тарихы» оқулығын ұсынамыз. Бұл оқулық авторлары – шетелдік ғалымдар Росс Данн және Лаура Дж. Митчелл. Қос автордың бірігіп жазған осы еңбегінің ерекшелігі сол, әлем тарихын панорамалық бейнелеуде жаңашылдық көзқараспен кең көлемде нақты аймақтық шегаралар мен жаһандық модельдерге бөле отырып талдайды. Сондай-ақ студенттер мен білімін жетілдіруші оқырмандардың сыни ойлау қабілетін арттыруға негіз жасайды.

Тағы да бір ескеретін жағдай, бұл оқулық – көп жылғы еңбектің нәтижесі. Үнемі ғылыми ізденіс, салыстырмалы талдаулар жасау, университет қабырғасында Әлем тарихынан сабақ беру барысындағы жиналған тәжірибе, студенттермен сұрақтар алмасу барысында келген жаңа ойлар, идеялар бәрі де осындай елеулі еңбектің оқырмандарға жол тартуына үлкен бастама болды.

Сонымен алғашқы авторымыз Росс Данн туралы мәліметті назарға алсақ, ол Сан-Диего Мемлекеттік Университетінің профессоры, Африка, ислам және әлем тарихы курстары бойынша дәрістер оқиды. Бұдан бөлек, ғалым Әлемдік ғылыми жобалардың Мектептердегі Ұлттық Тарих орталығының директоры болып та қызмет атқарған. Бұл қызметте Росс Данн жас ұрпақтың әлем тарихын білу үшін жоғарғы және орта мектептердегі оқыту бағдарламасына «Дүниежүзі тарихы» курсын әзірлеу идеясын алға тартып, сол жобаға бастамашылық еткен.

Росс Данн 2012 жылы Лос-Анджелеске көшіп, онда Ұлттық тарих орталығында басшылық қызметтер атқарып, Дүниежүзілік тарих қауымдастығының алғашқы сайланған президенті болып, бірнеше рет наградаларға ие болған құрметті профессор.

Лора Дж. Митчелл туралы айтатын болсақ, Калифорния университетінің доценті, студенттерге африкалық және әлемдік тарихтан дәрістер жүргізеді. Ол цифрлық дәуірдегі ерте заманғы қоғамдарды түсінуге және әртүрлі аудиторияға тарихты қолжетімді етуге барынша жанын салатын ерекше жан. Оңтүстік Африкадағы отарлық елдерде жүргізген зерттеулері үшін Фулбрайт гранттарының иесі.

Автор өзін әлеуметтік тарихшымын деп санайды. Өз зерттеулерінде автор көбіне колониализм; қоршаған орта; еңбек және құлдық; отбасында білім беру салаларына үлкен көңіл бөледі. «Мен осы айырмашылықтарды зерттеудің арқасында жер бетіндегі отарлық жанжалдардың әлі де жойылмағанын және олардың әлеуметтік маңыздылығын дәлелдегім келеді», – деп көрсетеді ол. Оның осы айтқан сөзінен-ақ, өз шешімін күтіп тұрған әлеуметтік мәселелерге қаншалықты көңіл бөлетінін көре аламыз.

Лора Митчелл әлемнің көптеген тарихшы ғалымдарымен қарым-қатынас орнату арқылы өзінің тарихқа деген көзқарасын сыни негізде үнемі талдаудан жалыққан емес. Еуропалық және жаһандық өзара әрекеттестік жөніндегі форумының президенті болып бірнеше жыл бойына қызмет атқарды, Дүниежүзілік тарих қауымдастығы Атқару кеңесінің мүшесі ретінде және Дүниежүзілік тарих курсын бағалау және дамыту комитетінің тең төрағасы ретінде қыруар жұмыс атқарған. «Керек-жарақтар: меншік, колониалдық Оңтүстік Африкадағы отбасылық және жеке бастама» деген кітабы үшін Лаура Дж. Митчелл Гутенберг сыйлығын жеңіп алды. Соңғы мезгілдегі тарихты зерттеудегі басты концепциясын тікелей әлеуметтік өзгерістер мен адам факторының негіздерімен байланыстыра қарастыруы да оның өзіндік ерекшелігі бар ғалым екендігін көрсетеді.



## «Панорама: Дүниежүзі тарихы» оқулығы

Ал, енді оқулыққа нақты тоқталып, «Панораманы» талдап көрейік. Әлем тарихының панорамасын біз екі кітапқа бөліп қарастырамыз. Росс Данн мен Лора Митчеллдің бірігіп жазған бұл оқулығында адамзат тарихын зерттеуде жер шары басты параметр ретінде алынған. Оқулықты хронологиялық және дәйекті тарихи кезеңдерге бөлініп, аумақтық ерекшеліктер мен басты проблемалық тақырыптарға сүйене отырып жазылған елеулі еңбек деп айтуымызға толық болады.

Авторлар адамзат тарихын түсінікті етіп жасау үшін маңызды деген мәселелерді көтере білген. Барлық тақырыптарды анық және дәйекті түрде баяндау арқылы оқырмандарға өткен тарих туралы ойтолғаудың берік негізін қалыптастыруға тырысады.

Жалпы «Панораманың» ортақ тақырыбы – адамзат қоғамының ертедегі тас дәуірінен қазіргі уақытқа дейінгі өзгерістердің күрделілігі. Тарихқа көз жүгіртсек, біз адамзаттың бір-бірімен және ортамен үздіксіз қарым-қатынастарында үлкен күрделілік туындап отырғанын байқаймыз. Бұл қозғалыстар кішігірімнен күрделіге дейін бірнеше ғасырлар бойы тұрақты өсу процесінде болғанын көрсетеді, және бұл өзгерістердің қарқыны мен көлемі біркелкі болмағанын байқатады.

«Біз әлем мәселелері жөнінде маңызды ойлар қозғаған жағдайда ғана, әлемнің қалай болуы керек екенін түсінуімізге болады», – дейді авторлар. Соның арқасында адамзат қоғамындағы өзгерістер мен жеке топтардың – халықтар, өркениеттер, діндер, корпорациялар тарихын байланыстыра аламыз.

Презентация тым кең, абстрактілі немесе теориялық тұрғыда болса, оқушыларға жалпылама түсіну қиынға соғатынын алға тартқан авторлар, өз көзқарастарын панорамалық аспектіде тарих адамзатқа негізделгенін нақтылай отырып, баяндап, сипаттап жазған.

Баяндап айтудағы «біртұтастық» анықтамасын пайдаланудағы авторлардың ұстанымдарының бірі – Африканы, Азияны және Еуропаны бірыңғай жер массасы, адамдар өзара әрекеттескен немесе «өзара әрекеттесудің физикалық мүмкіндігіне» ие болған «суперконтинент» бірлестігі ретінде ұсыну, яғни палеолиттік кезеңдегі басты ерекшелік.

Кіріспе бөлімінде талқыланғандай, бұл суперконтинентті Афроеуразия деп атаған. Әлемдік тарих кезеңдерін 1500 жылға дейін төрт негізгі географиялық аймаққа бөлген:

1. Афроеуразия, онда адамның көпшілігі әрдайым өмір сүрді. Бүгінгі таңда шамамен – 86%;
2. Америка, Солтүстік және Оңтүстікпен бірге;
3. Австралия;
4. Океания, Тынық мұхит аралдары аймағы;
5. Екінші жағынан, адамдар, кей жағдайда, осы аумақтардың бірімен және екіншісімен өзара іс-қимыл жасамауы да мүмкін. Өйткені мұхиттың үлкен кеңістігі және климаттық жағдайлардың қайшылықтары белгілі бір дәрежеде оны болдырмауы да мүмкін еді. 1500 жылға дейінгі кезеңдерде осы аймақтардағы оқиғаларды әртүрлі тарауларда немесе тараулардың бөлімдерінде қарастыра отырып, аумақтар арасындағы тарихи салыстыру нүктелерін енгізгенін көреміз.

XV ғасырдың аяғынан бастап, төрт аумақ бір-бірімен байланыстарды орната бастады, бірақ, бірден емес. Ұлы Әлем конвергенциясы, авторлар атап көрсеткендей, теңіз капитаны Афроеуразия мен Америка арасындағы тұрақты көлік жолдарын орнатқанда басталды. 1500 жылдан кейін бүкіл әлемді біртұтас аймақ ретінде қарастыра отырып, оның ішінде адамның өзара қарым-қатынасы барған сайын күрделі және ауқымды өзгерістерге ұшырағанын дәлелдермен баяндайды. Осы хронологиялық нүктеден бүгінгі күнге дейін барлық қалған тараулар жаһандық ауқымда сипатталады.

Кіріспе бөлімнің өзін авторлар бірнеше тақырыптарға бөлу арқылы ең басты қандай мәселелерге назар аудару керектігіне көңіл бөледі, яғни студенттердің сараптамалық ойлау қабілетін дамыту мақсатында алдымен ғаламдық тарихтағы өзгерістер әлеміне, интеграция, адам санының қалай өсіп, топтасуы, адамзат өміріндегі қайшылықты тұстарға барынша ден қояды. Автор «Жер: Әлемдік тарих театры» деп аталатын тарауында ғаламдық өзара



әрекеттестіктің ең таңғаларлық ерекшелігін көрсетеді. Белгілі бір аймақта орын алатын маңызды даму процесінің кеңістіктегі көптеген қатынастарды бұзып және қайта жаңғыртып, жаңалап, күрделі тізбекті реакция туғызатын әрекеттерді нақты дәлелдермен жеткізеді. Адамзат өмірінің қай тұсы да үлкен сыннан өтіп отырғанын біз дұрыс түсінуіміз керек. Белгілі бір тарихи аспектілер міндетті түрде бұзылуға не ыдырауға және де қайта құрылуға бағытталғанын байқау қиын емес.

Алдымызға «әлем халықтарының қанша уақыт өзара байланысы бар?» деген сұрақты қойып көрелік. Сіздер бірден өзгерісті кезеңдер байланысын алға тартар едіңіздер. Иә, өте дұрыс. Біз күшті және тұрақты деп ойлағымыз келетін «Мәдениеттердің» өздері үнемі өзгеріп отырады. Шынында да, адамзат тарихының ең ерте кезеңі – аң аулау мен терімшілік кезінің өзінде адам топтарының бүкіл жер массасына көпжылдық қоныс аударуы, бір топ пен екіншісінің өзара әрекеттесуімен байланысты процестер және мұндай байланыстар пайда болған жерде, кем дегенде, кішігірім соққылар мен тосынсыйлардың болуы тарихи заңдылық.

Оқулық авторларының пікірінше, Африка Еуропаға бағыт алып, ақырында Гибралтар бөгетін жабады және Жерорта теңізін ішкі теңізге айналдырады. Солтүстік Тынық мұхит жағалауындағы Калифорния штаты, солтүстікке қарай шығып, кейбір Нью-Йорктегілер Солтүстік Американың қалған бөлігінен бірте-бірте бөлектенуі мүмкін.

Екінші мәселе, ол – Жеті құрлық немесе тек бесеу. Африка, Антарктика, Азия, Австралия, Еуропа, Солтүстік Америка және Оңтүстік Америка. Бұл 7 құрлықты біз жақсы білеміз. Ал, енді осы конвенцияны авторлар қайта қарастыруды жөн деп көріп, өз ұсыныстарын береді. Бұл жерде бізге негіз болатын құрлықтың жеке физикалық анықтамасы. Сумен қоршалған жеке жер массасы бойынша. Қалай ойлайсыздар Еуропа мен Азия бөлек жіктелген бе? Әрине, жоқ. Азияның батыс бөлігінен Еуропаның шығыс бөлігін айтарлықтай су жолы немесе басқа бөліктер бөліп тұрмайды.

Еуропа құрлық болып табылады деген сенім Жерорта теңізі бассейніндегі Эгей теңізіне шоғырланған ежелгі гректерге тиесілі. Олар үш бөліктен тұратын планеталарды ойлап тапты:

1. Еуропа Эгей теңізінің солтүстігінде және батысындағы, яғни Грецияны қоса алғандағы аумақ болған;
2. Азия-шығыс пен оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан барлық аумақ;
3. Африка, Ливия деген де атауы бар, оңтүстік пен оңтүстік-батыста жатыр.

Орта ғасырларда еуропалық ғалымдар бұл аумақтарды гректерден гөрі әлдеқайда кеңірек қарау керек екенін мойындаса да, гректердің үш жақты схемасы сақталынып қалды. Еуропалықтар өздерінің аумағын «христиан әлемі», яғни христиандардың көбі өмір сүрген жермен анықтауға тырысты және Азия мен Африканы негізінен христиан емес адамдар мен кендеген құрлық деп анықтады.

Сонымен бірге Еуропа мен Азияны мұхит немесе теңіз емес, дін бөлді. Бұл құрылықтардың бар екенін анықтаудың бір ғана жолы болды. Анықтама негізінен физикалық айырмашылықтарға емес, мәдениетке негізделген.

Сонымен, Еуропа қайдан басталды? XVIII ғасырда Сібірге саяхат жасаған швед офицері Ресейдің Орал тауларын ыңғайлы құрлықтық шегара ретінде ұсынды. «Дұрыс бөлінген сызық» бойынша пікірталастар жалғасты, бірақ бірте-бірте еуропалық ғалымдар Оралды, дөңгелек шыңдары бар, таулары алты мың футтан аспайтын болса да, топографиялық, мәдени немесе тарихи шегаралар сияқты маңызды рөл атқармаса да, «табиғи» аралық ретінде қабылдады.

Жерорта теңізін Қара теңізге байланыстыратын екі бөгеттің бірі – Босфор мен Дарданеллер туралы да осыны айтса болады. Осы жерде біз қарастырып отырған шетелдік оқулық авторларының Еуропадан Азияны демаркациялауға ыңғайлы қызмет көрсеткені туралы айтуға болады. Бірақ мұндай тарихтағы қиындықтар бұғаздарға ешқашан кедергі болмады, бүгінгі күні Босфордың екі көпірінің бірінен «Еуропадан» «Азияға» баруға болады. Дегенмен маркерлердің айқын жасандығына қарамастан, еуропалық құрлықтың доктринасы сақталды.

XIX ғасырдың соңында еуропалық елдер әскери және экономикалық тұрғыдан әлемнің көптеген елдерінде басымдыққа ие болды. Олар үшін Еуропа идеясы негізгі әлемдік аумақ ретінде бұрынғысынан да табиғи болып көрінді. Әлемнің осы стандартты картасы осындай идеямен күшейтілген болатын. Бүгінде модернизацияланған жаңа көзқарастар белең алуда.



Сонымен, жаңашыл авторлар жаңа атау Afroeurasia бойынша Ұлы құрғақты аймақ, тропикалық белдеу, қалыпты климаттың солтүстік ендігі, Афроеуразия жотасы, Он бір теңіз, Өзендер деген тақырыпшаларға жан жақты түсінік береді.

Еуропа-Солтүстік Атлантикадан Тынық мұхиттың солтүстік бөлігіне дейін адамдар өмір сүріп, қоныс аударып, соғысып, мыңдаған жылдар бойы мәміле жасасқан аймақтың үздіксіз бөлігі.

Ал Африка туралы не деуге болады? Еуразиядан тек Жерорта теңізі мен Қызыл теңіз арқылы бөлінгендіктен, бұл әдеттегі анықтамамен құрлық ретінде белгілі. Дегенмен Еуразия мен Африканы бір құрлық ретінде біріктіру мүмкін бе?

Саяси картадан Жерорта теңізін сол қолдың бас бармағымен жабайық және оң жақ саусақты Қызыл теңізге қояйық. Осы екі теңізбен бірге Еуразия мен Африканы бірыңғай жер массасы ретінде көріп тұрмыз. Солай ма?

Атлант мұхитына немесе Тынық мұхитына қарағанда Жерорта теңізі мен Қызыл теңіздер жай ғана «көлдер». Мыңдаған жылдар бойы адамдар осы аралықта үнемі өмір сүріп келеді. Айта кету керек, сіз Африкадан Еуразияға, Синай түбегі мен Суэц каналын байланыстыратын көпірлердің бірімен өтуіңізге болады.

Жерорта теңізі мен Қызыл теңіздің көл жағалауында тұратын халықтар арасындағы үнемі өзара әрекеттесуінің арқасында Африка, Азия және Еуропадағы тарихи оқиғалар бізді ойлануға мәжбүрлеген құрлықтық бөлімдерге қарағанда әлдеқайда қарқынды болды.

Басқаша айтқанда, әлемдік тарихқа интеграцияланған көзқарас бойынша біз Еуразияны ғана емес, сондай-ақ, Африканы және Еуразияны, мұның ішінде Жапония, Филиппин және Британия секілді аралдарды немесе аралдық топтарды қосамыз. Міне, мұның бәрі бірлескен, маңызды, өте ертерек уақыттан бері тарихи оқиғалардың орын алған жері ретінде бейнелеуді талап етіп тұр.

Бүгінде әлем халқының 86%-ы Афроеуразияда тұрады. Бұл жер массасының тарихынан өткен немесе болатын көші-қон, қоныс аудару, алмасу және жаулап алу тәжірибелерін түсіну үшін, олардың өзінің физикалық және климаттық ерекшеліктерін де дұрыс түсіну үшін маңызды зор.

«Австралия» жағалауының оңтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс бойындағы жарық концентрациясын қандай географиялық фактор арқылы түсіндіруге болатынын физикалық ерекшеліктерге сүйене отырып талдау да қызықты. Ал басты ерекшелік ретінде Австралиядағы ерте адамзаттық отаршылдықты алға тартады, бірақ, соңғы 60 000 жыл бойына құрлықтың түпкі халқы немесе қоғамы Афроеуразияға қарағанда аз және өздерімен өздері оңашада өмір сүргенін байқауға болады. Тіпті көрші тұрған Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарымен де онша қатты араласа қоймаған. Тек жаңа отаршылардың ХVIII ғасырдың соңына қарай енуі ғана біраз өзгерістер процесіне алып келетіні нақты дәлелдермен талдауға алынады.

Кіріспе бөлімнің өзін авторлар бірнеше тақырыптарға бөлу арқылы ең басты қандай мәселелерге назар аудару керектігіне көңіл бөледі, яғни студенттердің аналитикалық ойлау қабілетін дамыту мақсатында алдымен ғаламдық тарихтағы өзгерістер әлеміне, интеграция, адам санының қалай өсіп, топтасуы, адамзат өміріндегі қайшылықты тұстарға барынша ден қояды. «Жер: Әлемдік тарих театры» деп аталатын тарауында ғаламдық өзара әрекеттестіктің ең таңғаларлық ерекшелігін көрсетеді. Белгілі бір аймақта орын алатын маңызды даму процесінің кеңістіктегі көптеген қатынастарды бұзып және қайта құрылымдап, жаңалап, күрделі тізбекті реакция туғызатын әрекеттерді нақты дәлелдермен жеткізеді. Адамзат өмірінің қай тұсы да үлкен сыннан өтіп отырғанын біз дұрыс түсінуіміз керек. Белгілі бір тарихи аспектілер міндетті түрде бұзылуға не ыдырауға және де қайта құрылуға бағытталғанын байқау қиын емес.

«Өзімізге әлем халықтарының қанша уақыт өзара байланысы бар?» деген сұрақты қойып көрелік. Сіздер бірден өзгерісті кезеңдер байланысын алға тартар едіңіздер. Иә, өте дұрыс. Біз күшті және тұрақты деп ойлағымыз келетін «Мәдениеттердің» өздері үнемі өзгеріп отырады. Шынында да, адамзат тарихының ең ерте кезеңі – аң аулау мен терімшілік кезінің өзінде адам топтарының бүкіл жер массасына көпжылдық қоныс аударуы, бір топ пен екіншісінің өзара әрекеттесуімен байланысты процестер және мұндай байланыстар пайда болған жерде, кем дегенде, кішігірім соққылар мен тосынсыйлардың болуы – мұның бәрі тарихи заңдылық.



Әр тарауда үлкен және кішігірім масштабты оқиғаларды сипаттап, салыстырмалы түрде кең ауқымда орын алатын жеке тұлғамен немесе адамдармен байланыстыруға тырысады. Өнеркәсіптік революцияны тек бір ағылшын фабрикасындағы оқиға арқылы ауқымды өзгерістердің қалай орын алғанын және ол адамдардың өміріне қалай әсер еткенін мысал ретінде келтіріп жазады.

Сондай-ақ «Панорама» кітабы өткенді белгілі бір уақыт кезеңдеріне бөлуді ұсынады. Бұл бөліктердің басы мен соңы оларда орын алған маңызды тарихи оқиғалармен айқындалады. Авторлардың мерзімді жоспары – бұл бірыңғай хронология немесе бұрыңғы заманнан бастап қазіргі уақытқа жылжу хронологиясы. «Панорамадағы» кезеңге бөлу әдісі әлем тарихының көптеген оқулықтарынан ерекшеленеді десек болады. Не себепті?

Авторлар адамзат тарихының ерте кезеңіне ұзақ палеолит дәуіріне үлкен көңіл бөледі. Палеолит дәуірі (ескі тас ғасыры), шамамен 2,5 миллион жыл бұрын басталды және ол адамзат пен оның жақын биологиялық бабалары тарихының 99,6%-ын құрайтынын көреміз. Ерте тарихқа назар аудару оқырмандарға ерте кездегі адамдардың өз өміріне қалай және неге өзгерістер енгізгені туралы ойластыруға мүмкіндік береді. Олар не үшін ауылшаруашылығы, қала құрылысы, механикаландырылған өндірістер құрды. Неге әлемге тарала қоныстанды? Миллиардтаған адамдармен толтырды.

Әлемді «біртұтастық» принципі арқылы сипаттаудағы авторлардың ұстанымдарының бірі – Африканы, Азияны және Еуропаны бірыңғай жер массасы, яғни «суперконтинент» ретінде ұсыну. Себебі сол аумақтағы адамдар палеолит дәуірінен бастап бір-бірімен өзара әрекеттескен немесе «өзара әрекеттесудің физикалық мүмкіндігіне» ие болғанын авторлар алға тартады.

Алғашқы 1-тарауда б.з.д. бірінші мыңжылдықтар басындағы Планетаны реттеу мәселесі жалпы әлемді адамдармен толтыру процесінен бастау алады. Ол процестің қалай жүргені сонау б.з.д. 7,000,000–10,000 жыл бұрын болған іс-шараларды алғашқы адамдар санасының біртіндеп дамуымен байланыстыра қарайды. Фермалар, қалалар және жаңа аграрлық дәуірдің ерекшеліктері талдауға алынып, Афроеуразияның жылжымалы шегараларындағы өзгерістер, ондағы фермерлердің, малшылардың орны, сондай-ақ жауласушы топтың, шабуылдаушылардың не себепті және қалай пайда болғаны кеңінен баяндалады. Бұл тарау Солтүстік және Оңтүстік Америка, Австралия және Океаниядағы ерте Одиссеялықтардың алдыңғы замандарға қарағанда техникалық инновациялық жаңалықтарына толы. Хронологиялық жағынан шамамен б.з.д. 8000 б.з.д. 500 жылдармен шектелген тарихи кезеңдер бірізділікпен қамтылған.

2-тарау шамамен б.з.д. 1200 б.з.д. 300 жылдарынан басталып б.з. 900 жылдар аралығындағы аграрлық қоғамдар мен оның қарым-қатынастары туралы айтылып, басты назар Афроеуразиядағы билік орталықтарының ұстанымы, сауда байланысы, ондағы жаңа идеялар сөз болады. Сондай-ақ Үндістаннан Жерорта теңізіне дейінгі империялар мен ондағы мәдени алмасулар процесі қалай жүрді? Оның ерекшеліктері қандай болды? Бүгінгі таңдағы мәдениеттерде сабақтастық бар ма деген мәселелер талдауға алынады. Мықты, гигант империялар дәуірінің ерекшеліктері аналитикалық тұрғыдан нақты дәлелдермен талданады. Әсіресе, тарихи процестердегі америкалық қиыншылықтарды сынға ала отырып баяндау, ежелгі заман бойынша жаңа зерттеулерге тың жол салғандай болды.

Б.д. 200–1000 жылдықтарындағы Афроеуразияның дамуын жылжытушы күштер ретінде 3-тарауда турбуленттік ғасырдың даму векторын салыстыра отырып, Араб империясының дамуындағы ерекшеліктер көрсетіледі. Тарихи алмасулардағы мемлекеттік энергетикалық және кеңейтілген жүйе сараланады. Хронологиялық кезең шамамен б.д. 750–1000 жылдарын қамтиды.

«Өзара қарым-қатынас және оның салдары» деп аталатын 4-тарауда 900–1500 жылдарды қамтыған Афроеуразия арқылы динамикалық ғасырлар қалай дамыды? Афроеуразияның моңғол билігі дәуіріндегі жағдайы, Солтүстік және Оңтүстік Америкадағы қалалар мен империялар, сондай-ақ Афроеуразиядағы катаклизмдер, дағдарыстар сыни тұрғыда талдауға алынады.



## Қорытынды

Адамзат тарихының бастауы ретінде «Тарихи географияны» негізге ала отырып, мыңдаған жылдарға созылған құпиялар мен жұмбақтарға толы кезеңдерді талдауға алу, бүгінгі күнге дейін ортақ шешімін таба алмай отырған мәселелерге бағыт-бағдар беру – тарихты адамзат жасайды деген шешімнің нақты дәлелі.

Жер – ғарыш кеңістігінің біртұтас континуумы десек, ал адамзаттың көпшілігіне ие оқиғалар мәдениетаралық немесе аймақаралық сипатқа ие. Сондықтан оқырмандар ғарыштың кез келген контексіндегі өткен жетістіктерді, апаттар мен дилеммаларды ескере отырып, Афроеуразия, Атлантикалық бассейн немесе Сахара шөліндегі бола ма, бүкіл әлемді қабылдауға дайын болуы керек. Жер шарына қарап, дөңгелек жерді бірден көру мүмкін емес. Бірақ біз бәрін санамызда дұрыс бағалап, сараптамалық талдау жүргізуді өз деңгейінде жасауға міндеттіміз.

## Сұрақтар

1. Әлемге белгілі алғашқы дөңгелек картада Жерорта теңізі не себепті картаның қақ ортасында орналасқан деп ойлайсыз?
2. Суперконтинент ретінде Афроеуразияға қаншалықты тарихи бағалау жасай алар едіңіз?
3. Авторлардың Әлем тарихын жаңаша кезеңдеудегі басты ұстанымдары қандай?

## Әдебиеттер

1. Martin W. Lewis and Kären E. Wigen, *The Myth of Continents: A Critique of Metageography* (Berkeley: University of California Press, 1997), 27.
2. Jared Diamond. *Guns, Germs, and Steel: The Fates of Human Societies*. New York: Norton, 1993.
3. Ross E. Dunn. "AfroEurasia," in William H. McNeill, ed. *Berkshire Encyclopedia of World History*, 5 vols. Great Barrington, MA: BerkshirePublishing, 2005. 1:44–50.